

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**

*2023 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ДС-310 депутаттық сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Ауылдық елді мекендерді дамыту бойынша сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Ауылдық елді мекендерді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №270 қаулысымен «Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (бұдан әрі – *Тұжырымдама*) қабылданды.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – базалық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру арқылы ауылдық елді мекендерде өңірлік стандарттарға қол жеткізу.

Тұжырымдама ауылдық аумақтардың географиялық ерекшеліктері мен бәсекелестік артықшылықтарын ескере отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін ашуға бағытталған. Тұжырымдаманың аясында ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған.

Сондай-ақ Тұжырымдамада көзделген нәтижелерге қол жеткізу үшін әр өңірдің бөлінісінде іс-шаралар жоспарланып, Жол карталарын бекіту а.ж. қазан айының соңына дейін көзделген.

Оған қоса, ауылдық елді мекендердегі инфрақұрылымды дамыту қолданыстағы бағдарламалық құжаттар шеңберінде қарастырылған, оның ішінде басты құралдарының бірі «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы болып табылады.

Ауылдық елді мекендерді дамыту бойынша тұрақты түрде шаралар қабылданып, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар депутаттық сауалда көтерілген мәселелер бойынша ақпаратты қосымшаға сәйкес жолдаймын.

**Ә. Смайылов**

орын: М. Әбдиев, тел. 74-50-63

*Әкімдердің жауапкершілігі мен есептілігіне қатысты*

2022 жылғы 3 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес барлық деңгейдегі әкімдердің халықпен тұрақты кездесулерінің жаңа форматы бекітілді.

Бұл Жарлық әкімдердің халықпен көшпелі кездесулерін ұйымдастыруға бағытталған тәсілдерді қамтиды. Бұл ретте, барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы Жарлық ережесінің талабына сәйкес өздерінің әкімшілік-құрылымдық бірліктерінде халықпен кездесулер өткізеді. Кездесулер барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аудара отырып, оларды шешу жолдары қарастырылады.

Сонымен қатар, әкімдердің өзін сайлаған халық алдындағы жауапкершілігін арттыру мақсатында а.ж. 42 аудан мен 3 облыстық маңызы бар қала әкімдерінің тікелей сайлауын пилоттық режимде өткізу жоспарлануда.

*Ауыл және аудан әкімдерінің өкілеттіктерін кеңейтуге және олардың бюджетін ұлғайтуға қатысты*

Ауылдық округтері проблемалық мәселелерді шешу үшін ауылдық округ әкімі «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мынадай құзыреттермен қамтылған: коммуналдық тұрғын үй қорының сақталуын, сондай-ақ автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп ұсталуын қамтамасыз ету; қоғамдық жұмыстарды, жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру; елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру және су пайдалану мәселелерін реттеу; елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

Бұған қоса, алдағы уақытта ауыл әкімінің функционалдық блогын кеңейту жоспарлануда. Мысалы, көрме-жәрмеңке қызметін ұйымдастыруды жүзеге асыру, қоғамдық орындарды сыртқы безендіру мәселелерін шешу, жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспардың іске асырылуын қамтамасыз ету және т.б. сияқты құзыреттілік түрлерін беру.

Сонымен қатар, 2020 жылдан бастап барлық аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде және ауылдық округтерде дербес бюджет іске қосыла бастады.

Бүгінгі күні ауылдық округтердің кірістері салықтық, салықтық емес түсімдерден, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерден, айыппұлдар мен аудандық бюджеттен берілетін трансферттенден қалыптастырылады.

2022 жылы бюджеттің IV деңгейінің жалпы шығыстары – 222 млрд теңгені құрап, оның ішінде шығыстардың негізгі бағыттары әкім аппаратының қызметін қамтамасыз ету, абаттандыру, жарықтандыру және т.б. бағытталған болатын.

Бұдан басқа, заңнаманы одан әрі жетілдіру шеңберінде IV бюджет деңгейіне жеке және заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің мүлік салығын, жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды

пайдаланғаны үшін төлемді, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымды, су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемді қосымша беру ұсынылады. Салықтар мен төлемдердің осы түрлерінен түсетін түсімдерді ескере отырып, IV бюджет деңгейінің меншікті кірістерінің 3 есеге ұлғаюы күтілуде.

Сондай-ақ, алдағы уақытта экономикалық жағдайға сүйене отырып, заңнаманы одан әрі жетілдіру шеңберінде IV бюджет деңгейіне қосымша салық көздерін беру жоспарлануда.

*Ақмола және Қарағанды облысының елді мекендерінің өзекті мәселелеріне қатысты*

Бүгінгі таңда, салалық министрлік байланыс операторларымен бірлесіп, Ақмола облысына қарасты ауылдық елді мекендерді байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ оның сапасын жақсарту бойынша Жол картасын әзірледі.

Жол картаға сәйкес байланыс операторлары «Кар-Тел» ЖШС-мен Қорғалжын және Сабынды елді мекендерінде байланыс сапасын жақсарту бойынша техникалық жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, байланыс саласындағы ағымдағы міндеттерді ескере отырып, оны жақсарту мақсатында байланыс саласындағы «Қолжетімді Интернет» Ұлттық жобасын әзірледі.

Ұлттық жоба шеңберінде елді мекендерді (қалалар мен ауылдарды), автожолдарды кең жолақты интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету және олардың сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар көзделген.

Сонымен қатар, «2023-2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында облыстық және аудандық маңызы бар жолдарды жөндеуге жалпы 444,6 млрд теңге қаражат көзделген, оның ішінде Ақмола облысы бойынша – 34,5 млрд теңге, Қарағанды облысы бойынша – 24,3 млрд теңге.

Сондай-ақ, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде жоғарыда аталған Заңда ауылдық елді мекендерде әлеуметтік, көлік және инженерлік инфрақұрылым нысандарының күрделі және орташа жөндеуге 302,5 млрд теңге көзделген, оның ішінде Ақмола облысы бойынша – 22,2 млрд теңге, Қарағанды облысы бойынша – 12,9 млрд теңге.

*Анықтама ретінде.* «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде 2019-2022 жылдары республикалық бюджеттен 326 млрд теңге бөлініп, 3,7 мыңнан астам жоба іске асырылды, сонымен қатар, а.ж. 771 ауылдық елді мекенде 1 783 жобаны іске асыру үшін бюджеттен жалпы 218,2 млрд теңге бөлінді.

*Айта кету керек,* «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы іске асырылып бастаған сәттен республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі 7 есеге ұлғайып, ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымдық мәселелері жоспарлы кезеңмен шешімін табууда.